

**№1 Әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ
25.08.2025 ж.**

Күн тәртібінде:

1.2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулықпен танысу, талдау. Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту

ДОІЖО Такабаева А.

2.Әдістемелік бірлестіктер мен қосымша білім беру педагогтерінің жұмысын жоспарын қарау. МӘБ жұмыс жоспары.

ӘБ жетекшілері.

3. 1, 10-сыныптарды жинақтау. Оқушылардың келген – кеткенін алдын-ала есебін алу, жинақтау.

ДОІЖО Такабаева А.

4. 2025-2026 оқу жылында педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары мен педагогтерді аттестациялаудың жұмыс жоспары туралы

ДБЖО Хасанова А.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелербойынша ДОІЖО Такабаева А. айтып өтті. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2025– 2026 оқу жылын бастау туралы бұйрығымен және әдістемелік нұсқау хат ерекшеліктерімен таныстырып өтті.

Баяндамада мектептің әдістемелік қызметі қызметінің келесі бағыттар бойынша нәтижелері баяндалды:

* Педагогтердің жалпы дидактикалық және әдістемелік даярлық деңгейін арттыру;

* Педагогтар мен білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттыру;

* Мектептегі тәрбие-білім беру процесін жетілдіру.

Мектептегі әдістемелік жұмыс мұғалімдерді шығармашылық педагогикалық ізденіске қосуға; әр мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруға; оқыту мен тәрбиелеудегі әдістемелік әдістерді іске асыруға практикалық көмек көрсетуге, сайып келгенде, білім алушылардың білім деңгейі мен тәрбиесін арттыруға бағытталған.

2025-2026 оқу жылдардағы оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Жеке-кәсіби даму және біліктілікті арттыру жоспарларын іске асыру негізінде кәсіби қиындықтарды жоюды ұйымдастыру.

2. Білім беру процесіне қатысушылардың теориялық білімін, педагогикалық шеберлігін жетілдіру, педагогтерді инновациялық қызметке қосу, тұлғаға бағдарланған, дамытушы және ақпараттық технологияларды қолдануды жандандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

3. Білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметін әдістемелік

сүйемелдеуді ұйымдастыру, олимпиадаларға, зияткерлік және кәсіптік конкурстарға дайындық сапасын арттыру.

4. Мектептің әдістемелік тақырыбын мұғалімдердің практикалық қызметіне оларды білім беру жүйесінің міндеттеріне интеграциялау арқылы табысты іске асыруға жәрдемдесу.

5. Педагогтердің кәсіби қызметіне оқытудың белсенді әдістерін енгізу.

Педагогтердің жалпы дидактикалық және әдістемелік даярлығын арттыру тұрғысынан оң динамика байқалады:

* оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасу;

* мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуіне жағдай жасау. Өткен оқу жылындағы әдістемелік кеңестің қызметі мектеп жұмысының бағыттарынан, сондай-ақ әдістемелік қызмет жұмысының қорытындылары бойынша бөлінген проблемалық өріс негізінде және бірыңғай әдістемелік тақырыптың негізгі идеяларына сүйене отырып қалыптасты.

2025-2026 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек күні. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасы болады.

Жаңа 2025 – 2026 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды. Мектеп мәселерінің басыңқы міндеттерінің бірі-оқушылардың жалпы білім бағдарламаларындағы білім мазмұнының міндетті деңгейін игерту, жалпы ғылыми, мәдени дайындығын қалыптастыру, қоғамдық өмірге әлеуметтік жағынан бейімдеу кәсіби еңбек түрін саналы түрде таңдауға танымдық қызығушылықтары мен білім сапасын арттыру бағытында әдістемелік жұмысты жетілдіру. Биылғы 2025-2026 оқу жылын 1-11 сынып арасында 298 оқушы, МАД сыныбында 18 оқушы, барлығы 316 оқушымен бастаймыз. Сол себепті 5, 6 сынып бір сынып комплектісі болды. Барлығы 20 сынып комплектісімен бастағалы отырмыз. Сынып жетекшілері мен бірлестік жетекшілері бекітілді. Мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс атқарды. Олар бастауыш сынып бірлестігі, жаратылыстану пәндер бірлестігі, эстетика пәндер бірлестігі, гуманитарлық пәндер бірлестігі.

2025-2026 оқу жылындағы күнтізбелік – тақырыптық жоспардың сағат сандарын 34 оқу аптасына реттеп салу, артық шыққан сағат саны болса мереке күндері кіріктірмеу керек екенін де айтты.

Күн тәртібіндегі 2025-2026 оқу жылында педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары мен педагогтерді аттестациялаудың жұмыс жоспары туралы бейін жөніндегі орынбасары А. Хасанова таныстырып өтті.

Шешімі:

1. 2025– 2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хаттағы ерекшеліктері мен талаптарды жұмыс барысында қолдану барлық педагогтерге жүктелсін.

2. 2025 – 2026 оқу жылындағы тақырыптық күнтізбелік жоспарын уақытында бекіттіру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

3. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің жетекшілері болып бастауыш сынып жетекшісі Жаппасова Ф, жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Қожданова А, эстетика бірлестігі жетекшісі Сисембаев Қ, гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Тұрарбекова С тағайындалсын.

4. Педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары мен педагогтерді

аттестациялаудың жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспар бойынша жұмыс жүргізу бейін жөніндегі орынбасары мен ӘБ жетекшілеріне міндеттелсін.

Хатшы: Хасанова А